

У. Т.Ахметова*¹, Ә.Қ. Мұқтар², Ж.Р. Байғалиев², А. Тұрарұлы²¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы² «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы*e-mail: ulzhan.a67@mail.ru

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МОНШАЛАР: АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНІҢ СӘУЛЕТТІК МҰРАСЫ

Андатпа

Мақала зерттеуінің басты мақсаты ортағасырлық Сарайшықтағы архитектуралық құрылыс нысаны моншаларды өзге алтынордалық қалалармен салыстырмалы түрде саралай зерттеуді көздейді. Онда ортағасырлық шығыстық моншалардың сәулеттік ерекшеліктері, олардың мәдени және әлеуметтік маңызы қарастырылады. Орта Азия мен Алтын Орда қалаларындағы моншалардың жоспарлануы, жылыту және сумен жабдықтау жүйелері, сондай-ақ сәндік элементтері талданады. Соның ішінде ортағасырлық Сарайшықтағы моншаларға назар аударылған. Археологиялық деректерге сүйене отыра, Сарайшық моншасының римдік-византиялық құрылыс дәстүрлерінің әсерімен салынғаны және оның ішкі бөлігінде шикі кірпіштің қолданылуы жылу сақтауда тиімді шешім болғаны айқындалады.

Моншалардың құрылысындағы инженерлік шеберлік, олардың қоғамдық өмірдегі рөлі, сондай-ақ шығыс пен батыс сәулет дәстүрлері тоғысқан, Алтын Орда дәуіріндегі мәдениетаралық байланыстың айғағы ретінде көрсетіледі. Ортағасырлық шығыстық моншалар тек гигиеналық қажеттіліктерді өтеумен ғана шектелмей, әлеуметтік және мәдени өмірдің орталығы ретінде де ерекше рөл атқарған. Бұл зерттеу шығыстық моншалардың Орта Азия мен Алтын Орда дәуірінің сәулеттік мұрасындағы орнын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қалаларда моншалардың мешіттердің жанында орналасуының әлеуметтік, мәдени және діни маңызы қарастырылады. Моншалар тек гигиеналық орын ғана емес, сонымен бірге мешіттермен байланысты рухани тазалықты қамтамасыз ететін маңызды мекен болған. Ислам діні тазалыққа үлкен мән бергендіктен, мешіттердің жанында монша салу қала тұрғындарының намазға дайындық рәсімдерін жеңілдетуге ықпал еткен.

Негізгі сөздер: Қазақстанның ортағасыр тарихы, ортағасырлық Сарайшық, қала мәдениеті, археология, архитектура, сәулет өнері, монша

Кіріспе

Сарайшық – орта ғасырларда қазақ даласының маңызды мәдени, экономикалық және саяси орталықтарының бірі болған қала. XIII–XVI ғасырларда дамыған бұл шаһар халықаралық сауда және әкімшілік орталық ретінде кеңінен танылды. Каспий теңізі мен Жайық өзенінің бойында орналасқан қала Ұлы Жібек жолының маңызды тармағы ретінде шығыс пен батыс елдерінің арасындағы байланысты нығайтты.

Алтын Орда (Жошы Ұлысы) мемлекеті - Еуразияның ұлан-ғайыр аумағында орналасқан қуатты мемлекет, оның мәдениеті мен архитектуралық мұрасы ерекше маңызға ие. Бұл мемлекетте қалалық инфрақұрылым дамып, ислам мәдениетінің ықпалымен сәулет өнерінің маңызды нысандары салынды. Алтын Ордада сәулет өнері ислам мәдениеті мен дәстүрлерінің ықпалымен дамыды. Мемлекет қалаларында мешіттер, моншалар, медреселер, базарлар және керуен-сарайлар бой көтерді. Мақалада алтынордалық қалаларда кең таралған қоғамдық моншалар (хаммамдар) туралы әңгіме қозғалады. Моншалар тек тазалық сақтау орны ғана емес, әлеуметтік қарым-қатынас орталығы ретінде қызмет етті.

Орта Азияда қалаларындағы архитектура тарихына назар салсақ, моншалар VIII ғасырдан кейін құрыла бастаған. Яғни, араб жаугершілік соғыстары нәтижесінде олардың мәдениеті ғана емес сәулеттік құрылыс стилінің дамығандығын байқаймыз. Алайда, Э.Зиливинская «Архитектура Золотой Орды: Гражданское зодчество» атты еңбегінде алтынордалық құрылыс саласы, архитектура, ғимараттардың құрылысы және аймақтық

ерекшеліктерін кеңінен талдай келе, моншалар туралы зерттеу деректерін салыстыра келе, ғалым А. Мецтің моншалар жайлы мынадай пікірін «...шығыс моншалары арабтардан бұрын ирандық Сасанидтер стиліндегі моншалар болған. Бірақ, дін әсері нәтижесінде арабтардың моншалары кең танымалдыққа ие болды», - деген пікірін алға тартады [1. - 65]. Кейіннен монша салу ісі қарқынды дами бастады. Шамамен, X-XI ғасырлардың өзінде моншаларды тек қана жеке гигиеналық тазалық мақсатында емес, емдік мақсатта да қолданған. Р.С. Мукимов, С.М. Мамаджанова «Традиционные утилитарно-бытовые постройки и устройства Таджикистана: традиции и современность» атты мақаласында ғалым Ибн-Синаның зерттеулері негізінде жарық көрген «Дәрігерлік ғылымының ережелері» атты еңбегіндегі моншаларда қолданылған дәрілік шөптер мен басқа да қосымшалар туралы төмендегідей дерек келтіреді: «...В банях кипятили воду с содой, бурой, золой, применяли квасцевые, купоросные, дрожжевые, железистые и солевые воды, отвары целебных растений – шиповника, ягод лавра» [2. - 41]. Шығыс моншаларының қоғамдық өмірдегі алатын орны, өзіндік ерекшеліктері мен қолдану әдістері оның халық арасында жоғары сұранысқа ие екенін көрсетеді. Моншалардың кең көлемде пайдалануы арқасында оған деген сұраныс артып, орталық қалаларда моншалардың саны арта түсті. Әсіресе, Қазақстанның оңтүстігі, Сыр бойы мен Хорасан, Мәуераннахр аймағында отырықшы мәдениеттің дамуы арқасында қала мәдениеті жоғары деңгейде дамыды. Сондықтан да, осы аймақтарда моншалардың саны әлдеқайда көп. Мысалы, Афрасиабта – 5, Хорасан мен Мәуераннахр аймағындағы Бұхара қаласында – 20, Балх қаласында – 500-ге жуық моншалар сақталған [2. - 42]. Осындай статистикалық мәліметтерді А. Мец еңбегі бойынша Бағдат қаласында IX ғ. – 5000, X ғ. – 10.000, ал XII ғ. – 2000 монша болғандығы туралы деректерді білуге болады [3. - 356]. Бұл көрсетілген сандар ақиқатқа қаншалықты жақын екенін айту қиын. Дегенмен, моншаның маңызды қала ғимараты болғаны анық.

Р.Н. Осо мен А.А. Хуснуллинаның «Исламские хаммамы Леванта» атты мақаласында Алтын Ордадағы қала құрылысы мен архитектурасы, соның ішінде моншалар туралы әр жылдарда ғылыми зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбектеріне баса назар аударған [4. - 367].

Зерттеу материалдары мен әдістері


Мақалаға қажетті материалдар ортағасырлық Сарайшық қаласы аумағында жүргізілген әр жылдардағы археологиялық қазба нәтижесінде табылған архитектуралық моншалар зерттеудің нысаны болып табылады. Негізгі деректер 1997 [5], 2005 [6] және 2023 [7], 2024 [8] жылдары анықталған монша құрылыстарына жүргізілген зерттеулер есептерінен сүйенеді. Сонымен қатар, Қазақстанның батыс өңіріндегі өзге алтынордалық қалалардан (Жайық қалашығы, Селитренный қыстағы, Болгар қаласы, Биляр және т.б.) табылған ұқсас архитектуралық нысан моншалар мәліметтері Сарайшық моншаларымен салыстырыла зерттелді. Атасақ, Э.Д. Зиливинская [1], Р.С. Мукимов пен Г.А. Мамаджанова [2], А. Мец [3], Р.Н. Осо мен А.А. Хуснулина [4], Х.Г. Надырова [11], С.М. Пугаченкова [12], В.Л. Воронина [15], М.Н. Сдыков [16] археологиялық қазба нәтижесінде зерттеушілердің ғылыми еңбектеріндегі Алтын Орда қалалары мен монша мәдениеті туралы зерттеулері негізгі тақырыпты салыстырмалы талдауға, кеңінен қолданылды. Атасақ, Орта Азия және Таяу Шығыс және Алтын Орда аумағындағы моншалардың тарихи-архитектуралық ерекшеліктерін сипаттайтын деректері салыстырмалы-тарихи, археологиялық қазба материалдарын жүйелеп өзара салыстыра талдауда, архитектуралық-жоспарлау құрылымын анықтауда және типологиялық талдау әдістері әдістемелері кешенді тәсілдер ретінде салыстырыла сарапталды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Алтын Орданың архитектуралық ескерткіштері, қала құрылысы, хан сарайлары, керуен-сарайлар, мешіт-медреселер мен моншаларға қатысты жан-жақты зерттеулерді ғалым Э. Зиливинская жүргізген. Оның еңбектерінің ішінде қала құрылысы мен ғимараттардың сыртқы және ішкі бейнесін сипаттайтын екі бөлімнен тұратын

«Архитектура Золотой Орды: Гражданское зодчество» атты іргелі зерттеу еңбегі ерекше орын алады. Алтын Орда дәуірінде моншалар қалалық инфрақұрылымның маңызды құрамдас бөлігі болды. Бұл аймақта монша мәдениетінің кеңінен таралуы қалалардың шығыс дәстүрлеріне сәйкес жобаланғанын айғақтайды. Ислам дінінің ықпалымен діни тазалықты сақтау мақсатында арнайы жабдықталған қоғамдық моншалар (арабша «хаммам») шығыс қалаларына тән басты сәулет нысандарының біріне айналды [1, - 65]. Алтын Орда моншаларының архитектурасында еден асты жылыту жүйесінің болуы олардың шығыс хаммамдары мен көне дәуір монша дәстүрлерімен генетикалық сабақтастығын көрсетеді. Алтын Орда қалаларында бүгінге дейін көптеген моншалар табылған. Олардан Болгар қаласынан 6 монша анықталған. №1 монша қаладағы қызыл палата жанынан табылған. Мұндай құрылыстардың жоспарлау құрылымы келесідей көрінеді: негізі тікбұрышты (көбінесе шаршы пішінді) көлемнен тұрады, оның ішінде крест тәрізді зал орналасқан, ал оның жанындағы квадрат пішінді жуыну кабиналары орналастырылған. Бұл құрылым еден асты жылыту жүйесімен жабдықталған [9 - 161]. Енді бірде моншалар мешіттердің жандарына салынады. Осындай типтегі құрылыс нысандарын Болгар қаласынан және Биляр, Селитренный қыстағынан да байқауға болады [10 - 149].

Х.Г. Надырованың «Архитектура городов Золотой Орды» атты мақаласында Алтын Орда мемлекетіндегі архитектуралық құрылыстар тұрғын жайлар, мешіт, сарайлар мен моншалар туралы мәліметтер келтірілген. Зерттеу мақаласында Алтын Орданың архитектуралық сәулет өнерінде моншалардың ерекше орнын атап өтеді. Одан өзге, моншалардың санитарлық-гигиеналық мақсатына қарамастан, олар шығыс дәстүріне сай өзіндік қарым-қатынас жиын орындары ретінде де (клубтары ретінде) қызмет атқарған деп тұжырым жасайды. Сондай-ақ, моншалардың ішкі көрінісі, сәулеттік құрылыс тастары немесе ақ алебастрмен сыланған болуы мүмкін дейді [11 - 35]. 2023 жылы ортағасырлық Сарайшықта жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында монша табылған болып, оның еденінен сәулеттік құрылыс тас сынығы анықталды. Сарайшықтан табылған монша қабырғалары толық сақталмаған. Табылған сәулеттік құрылыс тасын моншаға пайдаланғанына нақты дәлел жоқ (1-сурет).



Сурет 1 - 2023 жылғы №3 қазбадағы моншадан табылған сәулеттік құрылыс тасы.
(Фотосурет Ж.Байғалиев)

Ескерту: 2023 жылғы Сарайшық қаласы орнындағы А.Жумабаевтың №3 археологиялық қазбасы.

Г.А. Пугаченкованың мәліметінше моншалар халықтың назарын аудару мақсатында да сәндік тастармен безендірілгені туралы келтіреді. Сондай-ақ, Ниса қаласындағы зерттеу жұмыстары барысында XII ғасырдағы моншаның қалдықтары қазылып, оның ішкі көркемделуінде қызғылт-сары түстегі және қара мен ақ түсті сызықтар қолданылған ою-өрнекпен салынған қабырға суреттері ерекше көзге түскен [12 - 242]. Моншалардың ішкі безендірілуі туралы Самарқанд билеушісі Темір ұрпағы Мырза Бабыр мынадай дерек келтіреді: «Полы в ней выстланы камнем всех (цветов). Неизвестно, есть в Хорасане и Самарканде другая такая баня» [13 - 61].

Одан өзге, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы соңғы жылдары Алтын Орда тарихын, саяси тұрмыс-тірлігін зерттеу, сондай-ақ, Сарайшық қаласындай бұрыннан белгілі қалалар мен жаңадан мекендерді анықтау және одан әрі зерттеу жұмыстарын қолға алған. Осы негізде музей-қорық бірнеше ғылыми жобалар аясында жұмыс атқарып келеді. 2023-2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» атты нысаналы бағдарлама аясында бағдарлама мүшелері Өзбекстан Республикасы архивтері, ғылым ордалары мен кітапханаларында жұмыс жасап, құнды деректерді жинады. Мысалы, М.-Ш. Кдырниязов, А. М.-Ш. Кдырниязовтың «Исследование средневекового банного комплекса на Миздакхане» атты мақаласында ортағасырдағы алтынордалық моншалар туралы қосымша мәлімет берілген. Мақала мазмұны бойынша монша туралы қысқаша мынадай мәлімет береді: «По нашему предположению, в районе южного поселения Миздакхана раскопан банный комплекс конца XIII – начала XIV вв. Об этом свидетельствуют большие хумы и фрагменты крупные сосудов типа водоносных кувшинов, мисок и основание резервуара – водостока. Здесь же, рядом, находился источник водоснабжение – озеро-водохранилище» [8 - 25]. Ортағасырлық қалалардың өзен маңында орналасуы қаланың тек экономикалық дамуына емес, қала құрылысында да өркендеуіне себепші болады.

Сарайшықта жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебіне назар салсақ, ортағасырлық ескерткіш аумағынан 1997 жылы монша құрылысы анықталып, зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Монша әртүрлі қызмет атқаратын бөлмелерден тұрған. Шикі кірпіштен қаланған. Кейін сәулеттік құрылыс тастарымен безендірілген. Еденіне 24x24x5 см. алтынордалық қызыл кірпіштер төселген. Бөлмелердің бірінде су ағар, енді бірінде жерге көмілген хум анықталды. Басқа бөлмеде пайдаланылған сулар жиналатын шұңқыр орны кездесті. Зерттеулерді толыққанда жалғастыруға моншаның көп бөлігін су шайып кетуі, енді бірде басқа бөлігінде XV – XVI ғғ. тиесілі жерленімдер ғимараттың бүлінуіне себеп болған. Археологтар моншадан табылған қыш ыдыстар, нумизматикалық жәдігерлер мен құрылыс ерекшеліктеріне негізінде 1997 жылы анықталған моншаны XIV ғ. жатқызады [5 - 3]. Дегенмен, 2005 жылғы қазба есебінде 1997 жылы табылған моншаны зерттеу нәтижесінде «таарат-хана» болуы мүмкін деген ой туындайды. «Таарат-хана» - ритуалды жуу бөлмелері, мұнда су әдетте қыздырылатын болған [6 - 16].

Ортағасырлық Сарайшықтан 2005 жылғы археологиялық қазба жұмысы барысында монша табылды. Монша ортағасырлық Сарайшықтың маңызды рөл атқарған «хан», «ханака» атты сәулет кешенінен 200 м. қашықтықта орналасқан. Монша қабырғасына параллель қазбаның жалпы ұзындығы 25 метрден асып, жалпы аумағы шамамен 400 шаршы метрді құраған. Өкінішке орай, архитектуралық нысанның көптеген бөлігін Жайық суы шайып кеткен. Қазба жұмыстары барысында моншаның сақталған оңтүстік – шығыс бөлігі тазаланды. Зерттеу жұмыстары моншаның 3 бөлімнен құралғанын көрсетеді. Олар: жуыну бөлмесі, жылыту бөлмесі және киім шешетін бөлме. Монша солтүстік – шығыстан, оңтүстік – батысқа созылған. Тастардың өлшемі – 22x46x6-7 см, 20x42x6 см. Саз балшық ерітіндісінде шикі кірпіштен қаланған ең жақсы сақталған қабырға биіктігі 7 қатардан тұрып, 65 см-ге жеткен [6 - 6]. Жуыну бөлмесінде 2 бөлме болған. Шешіну бөлмесінің

оңтүстік – шығыс қабырғасының 10 м. ұзындықтағы бөлігі сақталған. Шешінетін бөлме қабырғасы жанынан, шикі кірпіштен салынған моншаның қабырғасына қарағанда биіктеу деңгейде, 84 тиыннан тұратын қазына табылған. Осы тиындарды тазалап, оқу нәтижесінде ең төменгі қабаттан анықталған тиын Абдуллах ханның хижрий 766 жылы соғылған тиыны болды. Демек, монша XIII ғ бірінші жартысы – XIV ғ тиесілі екендігі белгілі болды [6 - 12].

Сарайшықтан табылған моншаның ерекшелігі – моншаның ішкі бөлігі шикі кірпіштен қаланған болып, ол монша ішіндегі жылуды жақсы сақтаған. Егер жалпы құрылыс жоспары бойынша алтынордалық монша құрылысына ұқсайтын болса, ал шикі кірпішті ғимарат ішкі жағына пайдалану үлгі Алтынорда қалаларында кездестіру қиын. Сақталған бөліктеріне қарағанда, бұл монша «римдік-византиялық құрылыс дәстүріне» негізделген және сызықтық жоспарлау сипаттамаларына ие моншалар санатына жатады [6 - 13-14].

Сарайшықтағы монша тіктөртбұрыш пішінінде келіп, оған су Жайық өзенінен немесе Сорочинка каналы арқылы келген болуы әбден мүмкін. 2005 жылғы қазба жұмыстары нәтижесінде жазылған археологиялық есеп қорытындысында ғалымдар мынадай тұжырымды алға тартады. Батыс Қазақстан аумағында моншаларды олардың архитектуралық құрылысы негізінде екі типке бөлуге болады. Мысалы, Сарайшықтағы 2005 жылғы монша «римдік-византиялық құрылыс дәстүріне» тән. Ал ортағасырлық Жайық қалашығынан табылған монша шығыстық стилге тән [6 - 16].

Сызықтық жоспарлау санатындағы моншаларды Селетринный қыстағындағы Сарай Бату қаласынан кезіктіруге болады. Монша көлемі: 8,1х11 м [14 - 264].

Ортағасырлық Сарайшықта 2023 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобасы аясында №3 археологиялық қазба орнында зерттеулер жүргізілді. Осы зерттеулер негізінде монша анықталды. Музей-қорықтың археологы А. Тұрарұлы бұл нысан қазақ-ноғай кезеңіне жататынын айтады. Монша қазбаларының қалдықтары батыс бөліктен табылған. Дәл солай, №3 бөлменің оңтүстігі мен №2 бөлменің батыс бөлігінен анықталған. Монша №4 бөлмеде орналасқан [7 - 30]. Оның өлшемі солтүстіктен оңтүстікке дейін, батыстан шығысқа қарай 4,5х5,3 метрді құрайды (2-сурет).



Сурет 2 - Батыс қанаттағы №4 бөлме – монша көрінісі (Фотосурет Ж.Байғалиев)
Ескерту: 2023 жылғы Сарайшық қаласы орнындағы А.Жумабаевтың №3 археологиялық қазбасы.

Өкінішке орай, монша қабырғалары толық сақталмаған. Солтүстік және оңтүстік қабырғасы бұзылған. Солтүстік қабырға ені 70 см. Батыс қабырға қазбаның шетімен сәйкес келіп тұр, тек ішкі, шығыс жақ беті ашылды. Екі пеш орны анықталды. Бірі солтүстік қабырға бойына салынған болса, тағы біреуі шығыс қабырға бойынан анықталды.

Моншаның жанында ташнау орналасқан. Ташнау – дәстүрлі шығыстық архитектурада, әсіресе Орта Азия мен Қазақстан аумағында кең таралған кәріздік (кәріз) жүйесіне негізделген санитарлық-гигиеналық құрылғы. Ол ортағасырлық қалаларда моншаларда (хаммамдарда), тұрғын үйлерде және қоғамдық ғимараттарда қолданылған. Оның суағарына қызыл үлкен қыш құмыра қойылған. Құмыраның ернеуінің диаметрі 24 см. Құмыра ернеуі үсті ортасына тесік жасалған қыш кірпішпен жабылған. Ташнаудан шығыс қабырғаға дейінгі суфа ені 1,2 м. Ал, суфа ұзындығы 2,6 м. Суфа ташнаудың солтүстік жағында кеңейген. Екінші солтүстік қабырғадағы пеш еден деңгейінен анықталды. Тандыр пеш диаметрі 65 см, сақталған биіктігі 20 см. Кан арналарының ені 15 см, аралық қабырғасының ені 20 см. Ал, солтүстік-шығыс бұрышқа дейінгі ұзындығы 3,35 м. Тандырдың ауыз қуысы батысқа қараған, ені 25 см. Ауыз қуысының алды батыс қабырғаға дейінгі 90х90 см алаңға қыш кірпіш төселіп, үсті алебастрмен сыланған. Солтүстік-батыс бұрышындағы осы аймаққа кірпіштердің төселуі пештен ыстық су алуға келген адамдар үшін ыңғайлы болу мақсатында жасалған деп есептеледі. Монша еденіне қыш кірпіштер төселіп, кірпіштердің арасы алебастрмен жиектеліп бекітілген. Оның көлемі 2,4х2,7 метрді құрайды (3-сурет).



Сурет 3 - Моншаның жуынатын орыны. Сарайшық қаласы. 2023 жыл. (Фотосурет Ж.Байғалиев) [7 - 31].

Ескерту: 2023 жылғы Сарайшық қаласы орнындағы А.Жумабаевтың №3 археологиялық қазбасы.

Дәл ортасында суағар бар, ернеуінің диаметрі 20 см. Суағар шұңқырының қабырғасына қыш кірпіштер қаланған. Еденге төселген кірпіштің көлемі 22х22х5 см. Кірпішті бекіткен ерітінді қалыңдығы 1,5 см. Еденнің уақыт өте келе кейбір жерлері төменге отырып шөгіп кеткен. Яғни тегістігі бұзылған. Еденнің оңтүстік жақ шетіне адам жерлеу үшін шұңқыр қазылып еден төсенішін бұзып кеткен (4-сурет). Сонымен бірге қабырға мен еденнің шетін бойлап тігінен орналасқан қыш кірпіштер қойылған [7 – 65-68].



Сурет 4 - Монша төсенішін жерлеу шұңқырларының бұзуы (Фотосурет Ж.Байғалиев) [7 - 31].

Ескерту: 2023 жылғы Сарайшық қаласы орнындағы А.Жумабаевтың №3 археологиялық қазбасы.

В.Л. Воронин «Об узбекских банях» атты мақаласында моншалардың құрылысына назар аударған. Онда «...әртүрлі елдерде хаммамдар жоспарлануы мен бөлмелерінің құрамына қарай сәл өзгеше болуы мүмкін, бірақ олардың міндетті ерекшелігі – ғимараттың композициялық орталығы болып табылатын орталық залдың болуы. Орталық зал крест, көпбұрыш немесе жұлдыз түрінде жасалып, массаж бөлмесі қызметін атқарады. Барлық басқа монша бөлмелері осы залға жалғасады. Хаммам ғимараты әдетте төртбұрышты формада болады [15 - 124]. Сарайшықта 2023 жылы анықталған моншаның архитектуралық құрылысы басқа Орта Азия елдерінде кездескен моншалардың архитектуралық құрылысынан ұқсамайды, көлемі кішілеу келген. Моншаның шешіну және жуыну бөлмелері сақталған. Монша қоғамдық ғимарат жанынан орналасқан болып, сондықтан оның архитектуралық құрылысы толық ашылмаған болуы әбден мүмкін. Жайық бағытына қарай қазба жұмыстары жалғасса, бәлкім қосымша бөлмелері анықталар. Бұл уақыттың еншісінде.

Батыс Қазақстан аумағында ортағасырлық Сарайшықтан өзге Жайық қалашығынан монша анықталды. Монша қалашықтың дерлік орталығында орналасқан. Бірақ сақталуы нашар. Оның ғимараты дәстүрлі түрде жартылай жер астында орналасқан құрылыс болған,

ал цокольды бөлігі кемінде 1,2-1,3 м тереңдікке дейін жерге батқан. Монша жер асты жылыту жүйесімен жабдықталған. Еден астында арнайы бағаналар орнатылған. Моншаның оңтүстік қабырғасы толықтай бұзылған. Тек 2 қатарлы тас қаландысы сақталған. Ал батыс қабырғасы сақталмаған. Монша крест тәріздес жоспарлауға ие. Моншаның орталық бөлмесі сегіз бұрышты жоспармен жасалған, ол төрт жағының ұзындығы кемінде 4 метр болатын шаршыға енгізілген [16 – 30-31].

Қорытынды

Қорытар болсақ, Ортағасырлық Алтын Орда қалаларындағы архитектуралық құрылыс нысандарының ішінде ерекше назар аударатын сәулет нысандарының бірі – моншалар. Бұл ғимараттар сол кезеңдегі мәдениет пен өмір салтының айқын көрінісі болып табылады. Алтын Орда дәуіріндегі моншалар тек архитектуралық өнердің үлгісі ғана емес, сонымен бірге сол замандағы халықтың мәдениеті, тұрмысы және дүниетанымы туралы маңызды дереккөз болып табылады. Бұл нысандардың құрылысындағы инженерлік шешімдер заманына сай озық технологияларды қолданғанын дәлелдейді. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған деректер ортағасырлық қалалардың инфрақұрылымы, сауда, мәдени байланыстар және әлеуметтік өмір салты туралы түсінікті тереңдете түседі. Сарайшық қаласынан табылған монша – Алтын Орда дәуіріндегі архитектуралық өнердің ерекше үлгісі. Оның ішкі бөлігі шикі кірпіштен қаланған, бұл құрылыс әдісі ғимарат ішіндегі жылуды тиімді сақтап, энергияны үнемдеуге мүмкіндік берген. Егер моншаның жалпы жоспары дәстүрлі Алтын Орда моншаларына тән болса, ішкі жағында шикі кірпіш қолдану – сирек кездесетін құбылыс. Бұл ерекшелік римдік-византиялық құрылыс дәстүрінің ықпалын көрсетіп, Алтын Орда қалаларындағы сәулет өнерінің өзге елдер мәдениеттерімен тығыз байланыста болғанын дәлелдейді. Моншаның сызықтық жоспарлау сипаттамалары оның функционалдық тиімділігін арттырған. Мұндай құрылыс шешімдері Сарайшықтың ғана емес, жалпы Алтын Орда қалаларының жоғары инженерлік және сәулет өнерінің деңгейін көрсетеді. Бұл нысан, бір жағынан, аймақтық ерекшеліктер мен инновациялардың үйлесімін көрсетсе, ал екінші жағынан, жаһандық мәдени ықпалдастықта болғанын айғақтайды.

Қаржыландыру туралы ақпарат: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің ЖТН BR22082480 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» атты ғылыми нысаналы бағдарлама қаржысы есебінен дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Зиливинская Э.Д. Архитектура Золотой Орды. Часть II. Гражданское зодчество: Монография. – Казань: Отечество, 2018. -353 с.
- 2 Мукимов Р.С., Мамаджанова С.М. Традиционные утилитарно-бытовые постройки и устройства Таджикистана: традиции и современность. / Международный научно-методический журнал о культурном наследии «Наследие и современность». – Казань: Издательства Казанского университета, 2019. – Т.2. - №1. - С. 40-62.
- 3 Мец А. Мусульманский ренессанс. – Москва: ВиМ, 1996. – 544 с.
- 4 Осо Р.Н., Хуснуллина А.А. Исламские хаммамы Леванта. Археология Евразийских степей, 2023. - №6. – С.366–376
- 5 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МИ – АН РК на городище Сарайчик в 1997 году по договору с Атырауским областным Управлением культуры. / Руководитель работ: Самашев З. Негізгі қор: 14088. – Алматы: 1998. – 312 с.
- 6 Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК по программе «Научно-прикладные исследования в области археологии – Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2005 году. / Алматы. – 2006. – 87 с.
- 7 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми бағдарламасының 2023-2024 жж. қорытынды есебі». / Бағдарлама жетекшісі т.ғ.д. У.Т. Ахметова. – Сарайшық: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК, 2023. – 198 б. -65-68 б.

8 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII – XV ғғ.)» ғылыми бағдарламасының жылдық есебі. /Бағдарлама жетекшісі т.ғ.д. У.Т. Ахметова. – Сарайшық: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2024. – 288 б.

9 Город Болгар: История изучения и сохранения / Институт археологии им. А.Х. Халикова АН Республики Татарстан; отв. ред. А.Г. Ситдинов. – Москва:Наука, 2021. – 271 с., ил. – ISBN 978-5-02-40153-2 (в пер.).

10 Зиливинская Э.Д. Монументальные постройки Биляра: новый взгляд. здания с подпольным отоплением / «Поволжская археология», 2020. - №4(34). – С.145-158.

11 Надырова Х.Г. Архитектура городов Золотой Орды // Известия КазГАСУ, 2008. №1(9). – С. 33-38.

12 Пугаченкова Г.А. Архитектурные памятники Нисы // Тр. ЮТАКЭ. – Ашхабад: АН Туркм. ССР, 1949. – Том.I. – С.201-259.

13 Бабур-Наме. Записки Бабура. /Перев. и коммент. М.Салье. – Ташкент: Издательства АН УзССР, 1958. – 513с.

14 Зиливинская Э.Д. Средневековые бани Нижнего Поволжья. // Сокровища сарматских вождей и древние города Поволжья. – Москва, 1989. – С. 252 – С.249-280

15 Воронина В.Л. Об узбекских банях // СЭ, 1951 г. №1. – С.114-137

16 Сдыков М.Н. Жайық қалашығы / Городище Жайық. – Орал / Уральск: Полиграфсервис, 2009. – 52с.

БАНИ СРЕДНЕВЕКОВОГО САРАЙШЫКА: АРХИТЕКТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Аннотация

Основная цель данного исследования заключается в сравнительном анализе архитектурных объектов — бань средневекового Сарайшыка с банями других золотоордынских городов. В работе рассматриваются архитектурные особенности средневековых восточных бань, их культурное и социальное значение. Анализу подвергаются планировка, системы отопления и водоснабжения, а также декоративные элементы бань городов Средней Азии и Золотой Орды. Особое внимание уделено баням средневекового Сарайшыка. На основании археологических данных выявлено, что баня Сарайшыка была построена под влиянием римско-византийских строительных традиций, а использование сырцового кирпича во внутренней части сооружения стало эффективным решением для сохранения тепла.

Отмечается инженерное мастерство в строительстве бань, их роль в общественной жизни, а также значение как свидетельства культурных контактов Золотой Орды, где переплетались восточные и западные архитектурные традиции. Средневековые восточные бани выполняли не только гигиеническую функцию, но и служили центрами социальной и культурной жизни. Данное исследование позволяет глубже понять место восточных бань в архитектурном наследии Средней Азии и эпохи Золотой Орды. Кроме того, рассматривается социальное, культурное и религиозное значение размещения бань вблизи мечетей. Бани были не только местом для омовений, но и важными объектами, обеспечивавшими духовную чистоту в связи с мечетями. Поскольку ислам придаёт большое значение чистоте, строительство бань рядом с мечетями способствовало облегчению подготовки горожан к молитвенным обрядам.

Ключевые слова: История средневекового Казахстана, средневековый Сарайшык, городская культура, археология, архитектура, архитектурное искусство, баня.

BATHS OF MEDIEVAL SARAYCHYQ: ARCHITECTURAL HERITAGE OF THE GOLDEN HORDE

Abstract

The main objective of this research is to conduct a comparative analysis of the architectural structures of bathhouses in medieval Sarayshyk with those in other Golden Horde cities. The study examines the architectural features of medieval Eastern bathhouses, as well as their cultural and social significance. It analyses the planning, heating, and water supply systems, as well as decorative elements of bathhouses in the cities of Central Asia and the Golden Horde, with particular attention paid to the bathhouses of medieval Sarayshyk. Based on archaeological evidence, it is revealed that the Sarayshyk bathhouse was constructed under the influence of Roman-Byzantine building traditions, and the use of mud brick in its interior proved to be an effective solution for heat retention.

The engineering skill in the construction of bathhouses, their role in public life, and their significance as evidence of intercultural connections during the Golden Horde period—where Eastern and Western architectural traditions intertwined—are highlighted. Medieval Eastern bathhouses served not only hygienic purposes but also played an essential role as centres of social and cultural life. This research provides a deeper understanding of the place of Eastern bathhouses in the architectural heritage of Central Asia and the Golden Horde era. Furthermore, it examines the social, cultural, and religious significance of the location of bathhouses near mosques in cities.

Bathhouses were not only places for physical cleansing but also essential facilities that ensured spiritual purity in connection with mosques. Since Islam places great emphasis on cleanliness, the construction of bathhouses near mosques facilitated the preparation of city residents for prayer rituals.

Keywords: History of medieval Kazakhstan, medieval Sarayshyq, urban culture, archaeology, architecture, architectural art, bathhouse.

REFERENCES

- 1 Zilivinskaya E.D. Arkhitektura Zolotoi Ordy. CHast II. Grazhdanskoe zodchestvo: [Architecture of the Golden Horde. Part II. Civil Architecture]. Monografiya. – Kazan: Otechestvo, 2018. – 353 p. [in Russian]
- 2 Mukimov R.S., Mamadzhanova S.M. Traditsionnye utilitarno-bytovye postroiки i ustroystva Tadzhikistana: traditsii i sovremennost. [Traditional Utilitarian and Household Structures and Devices of Tajikistan: Traditions and Modernity]. / Mezhdunarodnyi nauchno-metodicheskii zhurnal o kulturnom nasledii «Nasledie i sovremennost». – Kazan: Izdatelstva Kazanskogo universiteta, 2019. – T.2. – №1. – P. 40-62. [in Russian]
- 3 Mets A. Musul'manskii renessans. [Muslim Renaissance]. – Moskva: ViM, 1996. – 544 p. [in Russian]
- 4 Oso R.N., KHusnullina A.A. Islamskie khammamy Levanta. [Islamic Hammams of the Levant] Arkheologiya Evraziiskikh stepei, 2023. – №6. – P.366–376. [in Russian]
- 5 Otchet o rabotakh Zapadno-Kazakhstanskoi arkheologiyacheskoi ekspeditsii IA MI – AN RK na gorodishhe Saraichik v 1997 godu po dogovoru s Atyrauskim oblastnym Upravleniem kultury. [Report on the Work of the West Kazakhstan Archaeological Expedition of the IA MI – NAS RK at the Sarayshyq Settlement in 1997 under a Contract with the Atyrau Regional Department of Culture]. / Rukovoditel' rabot: Samashev Z. Negizgi qor: 14088. – Almaty: 1998. – 312 p. [in Russian]
- 6 Otchet o rabotakh Zapadno-Kazakhstanskoi arkheologicheskoi ekspeditsii IA MON RK po programme «Nauchno-prikladnye issledovaniya v oblasti arkheologii – Kulturnoe nasledie. Razdel «Gorodishhe Saraichik» v 2005 godu. [Report on the Work of the West Kazakhstan Archaeological Expedition of the IA MES RK under the Program "Scientific and Applied Research in the Field of Archaeology – Cultural Heritage. Section " Sarayshyq Settlement" in 2005]. / Almaty. – 2006. – 87 p. [in Russian]
- 7 «Qazaqstannyń batys óńirindegi altynordalyq qalalar, kóne kerýen joldary jáne kerýen-saraılar: pánaralyq zertteýler (XIII – XV ǵǵ.)» ǵylymı baǵdarlamasynyń 2023-2024 jj. qorytyndy esebi. [Final Report of the Scientific Program "Golden Horde cities, ancient caravan routes and caravanserais in the western region of Kazakhstan: interdisciplinary research (XIII-XV centuries)" for 2023-2024]. / Baǵdarlama jetekshisi t.ǵ.d. Ý.T. Ahmetova. – Saraishyq: QR Mádeniet jáne aqparat ministrliǵi Mádeniet komitetiniń «Saraishyq» memlekettik tarihi-mádeni múzei-qoryǵy RMQK, 2023. – 198 b. -65-68 p. [in Kazakh]
- 8 «Altynordalyq Saraishyq, Ushqan, Ashysai, Qaraǵaily eskertkishteri tarihi-mádeni mura kontekstinde (XIII – XV ǵǵ.)» ǵylymı baǵdarlamasynyń jyldyq esebi. [Annual Report of the Scientific Program: "Golden Horde Monuments of Sarayshyq, Ushkan, Ashysay, and Karagaily in the Context of Historical and Cultural Heritage (XIII-XV Centuries)"]. / Baǵdarlama jetekshisi t.ǵ.d. Ý.T. Ahmetova. – Saraishyq: QR Mádeniet jáne aqparat ministrliǵi Mádeniet komitetiniń «Saraishyq» memlekettik tarihi-mádeni múzei-qoryǵy, 2024. – 288 p. [in Kazakh]
- 9 Gorod Bolgar: Istoriya izucheniya i sokhraneniya [The City of Bolgar: History of Study and Preservation]. / Institut arkheologii im. A.KH. KHalikova AN Respubliki Tatarstan; otv. red. A.G. Sitdikov. – Moskva: Nauka, 2021. – 271 p. [in Russian]
- 10 Zilivinskaya E.D. Monumentalnye postroiки Bilyara: novyi vzglyad. zdaniya s podpolnym otopeniem [Monumental Structures of Bilyar: A New Perspective. Buildings with Underground Heating]. / «Povolzhskaya arkheologiya», 2020. – №4(34). – P.145-158. [in Russian]
- 11 Nadyrova Kh.G. Arkhitektura gorodov Zolotoi Ordy [Architecture of the Cities of the Golden Horde]. // Izvestiya KazGASU, 2008. №1(9). – P. 33-38. [in Russian]
- 12 Pugachenkova G.A. Arkhitekturnye pamyatniki Nisy [Architectural Monuments of Nisa]. // Tr. YUTAKE. – Ashkhabad: AN Turkm. SSR, 1949. – Tom.I. – P.201-259. [in Russian]
- 13 Babur-Name. Zapiski Babura. [Babur's Memoirs]. / Perv. i komment. M.Sale. – Tashkent: Izdatelstva AN UzSSR, 1958. – 513 p. [in Russian]
- 14 Zilivinskaya E.D. Srednevekovye bani Nizhnego Povolzhya. [Medieval Baths of the Lower Volga Region]. // Sokrovishha sarmatskikh vozhdiei i drevnie goroda Povolzhya. – Moskva, 1989. – P.249-280. [in Russian]
- 15 Voronina V.L. Ob uzbekskikh banyakh [On Uzbek Baths]. // SE, 1951 g. №1. – P.114-137. [in Russian]
- 16 Sdykov M.N. Jaiyq qalashyǵy / Городище Jaiyq. [Zhaiyk Settlement]. – Oral / Uralsk: Poligrafservis, 2009. – 52 p. [in Kazakh]

Information about authors:

Ulzhan Akhmetova - **corresponding author**, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan and World History, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: ulzhan.a67@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4274-8602>

Abilseit Muktar – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyk". Saraishyk Village, Atyrau, Republic of Kazakhstan.

E-mail: muktar64@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7177-0710>

Junis Baigaliev - master, research staff of the State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyk", Atyrau, village of Saraishyk, Republic of Kazakhstan

E-mail: baigalievzh@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9483-2278>

Aibek Turaruly – Chief inspector of the State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyk". Saraishyk Village, Atyrau Region, Republic of Kazakhstan.

E-mail: aibek_tu@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4671-6990>

Информация об авторах:

Улжан Ахметова – **основной автор**, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г.Атырау, Республика Казахстан, доктор исторических наук, ассоциированный профессор кафедры «История Казахстана и всемирная история», г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: ulzhan.a67@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4274-8602>

Абилсейит Муктар - доктор исторических наук, профессор, директор РГП «Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык», Атырауская область, село Сарайшык, Республика Казахстан.

E-mail: muktar64@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7177-0710>

Жунис Байғалиев – магистр, научный сотрудник Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык», Атырауская область, село Сарайшык, Республика Казахстан.

E-mail: baigalievzh@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9483-2278>

Айбек Тураұлы - главный инспектор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшык», Атырауская область, село Сарайшык, Республика Казахстан.

E-mail: aibek_tu@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4671-6990>

Авторлар туралы ақпарат:

Улжан Ахметова – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ulzhan.a67@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4274-8602>

Әбілсейіт Мұқтар - тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры, Атырау облысы, Сарайшық ауылы, Қазақстан Республикасы

E-mail: muktar64@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7177-0710>

Жүніс Байғалиев – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми қызметкері, Атырау облысы, Сарайшық ауылы, Қазақстан Республикасы

E-mail: baigalievzh@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9483-2278>

Айбек Тұрарұлы - «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, бас инспектор Атырау облысы, Сарайшық ауылы, Қазақстан Республикасы

E-mail: aibek_tu@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4671-6990>